

**ҚБТУ КМЖ КС 51-6-20**



**«ҚАЗАҚСТАН-БРИТАН ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ  
КМЖ КОРПОРАТИВТІК СТАНДАРТЫ**

---

**2019-2020 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ КӨКТЕМГІ СЕМЕСТРІНДЕ  
ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ  
АРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУДЫ**

**ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

**ҚБТУ КМЖ КС 51-6-20**

Алматы

**Алғысөз**

Осы «2019-2020 оқу жылының көктемгі семестрінде қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы қорытынды аралық аттестаттауды өткізу ережелері» корпоративтік стандарты «Қазақстан - Британ техникалық университеті» акционерлік қоғамының кіріктірілген менеджмент жүйесі (бұдан әрі - КМЖ) құжаттамасының құрамдас бөлігі болып табылады және ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001:2016 сериялы халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес келеді.

Жалпы мәліметтер

Оқу-әдістемелік орталығында

**ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ**

«Қазақстан-Британ техникалық университеті» акционерлік қоғамы Ғылыми кеңесінің  
2020 жылғы 24 сәуірдегі № 8 шешімімен  
**БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

**Мазмұны**

1	Кіріспе	4
2	2019-2020 оқу жылының көктемгі семестрінде емтихан сессиясын ұйымдастыру жөніндегі жол картасы	5
3	Аралық аттестаттауды өткізу тәртібі	6
3.1	Жиынтық бағалау	7
3.2	«Incomplete» бағасын қою	7
3.3	Емтихан кезіндегі техникалық ақаулар	8
3.4	Апелляция	8
3.5	Емтихан форматының сипаттамасы	8
4	ҚБТ аясында «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды ұйымдастыру және өткізу ережесіне толықтырулар	9
5	ҚБТ жағдайында қорытынды аттестаттауды өткізу (жалпы) ережесі	10
Қосымша		13-32
1	2019/2020 оқу жылының көктемгі емтихан сессиясының пәндер тізімі, емтихан форматтары мен жиынтық бағалау	13
2	Жиынтық бағалау бойынша бағалаумен келіспеуге өтініш үлгісі	21
3	Ағымдағы бағалар (жиынтық бағалау) негізінде пән бойынша баға қою нұсқаулығы	22
4	«Incomplete» бағасын қоюға өтініш үлгісі	24
5	Емтихан өткізу нұсқаулығының үлгісі	25
6	ҚБТ жағдайында аралық аттестаттау кезіндегі студенттердің іс-әрекет алгоритмі	26
7	Форма бойынша емтихандар сипаттамасы	27
8	ҚБТ жағдайында қорытынды аттестаттау кезіндегі білім алушылардың іс-қимыл алгоритмі	32

## **ҚБТУ КМЖ КС 51-6-20**

### **1. Кіріспе**

1.1. Осы «Қазақстан-Британ техникалық университеті» акционерлік қоғамының «2019-2020 оқу жылының көктемгі семестрінде қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу ережелері» (бұдан әрі - Ереже) корпоративтік стандарты Қазақстан Республикасы аумағындағы төтенше жағдай мен Алматы қ. карантинге байланысты «Қазақстан-Британ техникалық университеті» акционерлік қоғамындағы (бұдан әрі - ҚБТУ немесе Университет) қашықтықтан білім беру технологияларын (бұдан әрі - ҚБТ) қолдану арқылы аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу тәртібін айқындайды.

1.2. Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің 15.03.2020 ж. № 285 «Қазақстан Республикасы аумағында төтенше жағдай енгізу туралы» Жарлығын, Қазақстан Республикасы Президентінің 14.04.2020 ж. №306 «Қазақстан Республикасының аумағында төтенше жағдай режимін ұзарту туралы» Жарлығын, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік комиссияның 17.03.2020 ж. және 03.04.2020 ж. шешімдерін назарға ала отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің «ҚР-да төтенше жағдай енгізу туралы» Жарлығына сәйкес ҚР бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 01.04.2020 ж. № 30-ПГВр «Қазақстан Республикасы халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралары туралы» қаулысы, Алматы қаласы әкімдігінің жанындағы Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету бойынша оперативтік штабының 27.03.2020 ж. (№ 6 хаттама), 05.04.2020 ж. (№ 9 хаттама), 12.04.2020 ж. шешімдері, ЮНЕСКО-ның қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша ұсыныстарын басшылыққа ала отырып дайындалды.

1.3. ҚБТУ-да 2019-2020 оқу жылының көктемгі семестрінде аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу ҚБТ қолдану арқылы жүзеге асырылады.

1.4. ҚБТУ білім алушылардың оқу нәтижелеріне қол жеткізуде бағалаудың әртүрлі тәсілдерін, алайда онымен шектеліп қана қоймай, онлайн платформаға жүктелген жазбаша жұмыстарды тексеру, онлайн форматта өткізілетін ауызша емтихандар, үй жағдайында орындалған жобаларды тестілеу, бағалау және «ашық кітап» (take-home open book exam) емтихандарын қоса алғанда пайдаланады.

1.5. Осы Ереженің талаптары барлық оқу деңгейіндегі ҚБТУ білім алушыларына және барлық мамандықтар мен білім беру бағдарламалары бойынша, білім беру процесіне қатысатын Университет қызметкерлері мен құрылымдық бөлімшелеріне қолданылады.

**2. 2019-2020 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ КӨКТЕМГІ СЕМЕСТРІНІҢ ЕМТИХАН СЕССИЯСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ЖОЛ КАРТАСЫ**

2019-2020 оқу жылының көктемгі семестрінде ҚБТ қолдануға байланысты білім алушылардың аралық және қорытынды аттестациясын өткізу тәртібіндегі барлық өзгерістер үш кезеңде жүзеге асырылды – дайындық, негізгі және қорытынды, бұл 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте - сатылар, уақытша кезең және қажетті іс-шаралар

Дайындық кезеңі	15-18 сәуір	Қашықтықтан оқыту және аралық және қорытынды аттестация өткізу мәселелерін талқылау бойынша білім алушылармен және ОПК-мен онлайн кездесулер
	18-22 сәуір	Қолдауға мұқтаж топтарды айқындау мақсатында білім алушылармен онлайн сауалнама жүргізу
		Оқытушылардың емтихан өткізу формаларын таңдауы
	20-25 сәуір	Оқытушылардың әрбір пән бойынша жиынтық бағалау мүмкіндігін анықтауы
		Әрбір пән бойынша қорытынды емтихандарды өткізу нұсқаулығын әзірлеу
	24 сәуір	Пәндер бойынша қорытынды емтихандар кестесін құру.
		Ғылыми кеңесте емтихандар өткізу жөніндегі құжаттаманы бекіту
	27-30 сәуір	Факультеттер арқылы білім алушыларды емтихан формаларымен таныстыру
		Білім алушыларды жиынтық бағалау мүмкін болатын бекітілген пәндер тізімімен таныстыру
		Техникалық мүмкіндіктеріне сүйене отырып, білім алушылардың емтиханға қатысу туралы шешім қабылдауы
		Студенттерді қорытынды емтиханның «I» («Incomplete») бағасын қайта тапсыру үшін тек ауызша түрде тапсыру шартымен таныстыру.
		Бекітілген пәндер тізімі бойынша жиынтық бағалау процесіне даярлығы
		Оқытушылардың uninet-те бакалавриат пәндері бойынша семестрдің екінші жартысындағы балдарын қоюы
30 сәуір - 4 мамыр	Білім алушыларды емтихан өткізу әдістемесімен таныстыру үшін сынақ емтихандарын өткізу	
	Жеке кабинетте бір терезе арқылы жиынтық бағалаумен келіспеуіне байланысты білім алушылардың емтиханға қатысуға өтініштерін беруі	
	Техникалық мүмкіндіктері жоқ білім алушылардың пәндер бойынша «Incomplete» бағасын қоюға өтініштерін incomplete@kbtu.kz эл. адресіне жіберуі	

## ҚБТУ КМЖ КС 51-6-20

Негізгі кезең	Бакалавриат	4-23 мамыр ХЭМ және ҚТА қоспағанда барлық факультеттер	ҚБТ қолдану арқылы аралық аттестаттауды өткізу	
		18 мамыр -3 шілде ҚТА		
		29 сәуір - 8 мамыр ХЭМ		
		Емтихан сессиясын өткізу кезеңінде	Емтихан аяқталғаннан кейін 48 сағат ішінде апелляция өткізу	
	Бакалавриат	11-30 мамыр ХЭМ және ҚТА қоспағанда барлық факультеттер	Бітіруші курс студенттерінің ҚБТ қолдану арқылы дипломдық жобаларын қорғауы	
		17-21 маусым ҚТА		
		8-9 маусым ХЭМ		
	Негізгі кезең	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру	18-24 мамыр	ҚБТ қолдану арқылы аралық аттестаттауды (емтихан сессиясын) өткізу
			Емтихан сессиясын өткізу кезеңінде	Емтихан аяқталғаннан кейін 48 сағат ішінде апелляция өткізу
			18-24 мамыр ЕМВА	ҚБТ қолдану арқылы магистрлік диссертацияларды/ жобаларды қорғау
15-26 маусым барлық факультеттер				
Соңғы кезең	1-6 маусым	«FX» бағасын қайта тапсыру емтихандарын өткізу		
	8-20 маусым	«I» («Incomplete») бағасын алуға емтихан өткізу		

### 3. АРАЛЫҚ АТТЕСТАТТАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

Жоғары білім беру жүйесінің ҚБТ қолдану арқылы оқытуға көшуі жағдайында ҚБТУ-да аралық аттестаттауды өткізу үдерісіне келесі өзгерістер енгізіледі:

- емтихандарды қашықтық форматында тапсыру;
- кейбір пәндер бойынша ағымдағы бағалар негізінде баға қою (жиынтық бағалау әдісі);
- емтихандарды «I» (Incomplete) бағасын қою арқылы кейінгі мерзімге ауыстыру.

Қашықтық форматында емтихандар өткізу келесі формаларды қамтиды:

- «ашық кітаппен» (take-home open book exam) алдын ала берілген тапсырмалар мен сұрақтар бойынша үй жағдайында офлайн орындалған жеке / топтық жобалар);
- онлайн форматында ауызша емтихан;

## ҚБТУ КМЖ КС 51-6-20

- онлайн форматтағы тестілеу;
- онлайн форматтағы жазбаша емтихан;
- онлайн форматтағы аралас емтихан (жобалар және ауызша қорғау).

Бақылаудың барлық түрлері мен білімді тиісті бағалауларды оқытушы академиялық күнтізбеге және пән силлабусына сәйкес жүзеге асырады.

Семестрдің 15- аптасында академиялық күнтізбеге сәйкес ағымдағы бақылау балдары негізінде әрбір пән бойынша білім алушының қорытынды бақылауға жіберілу рейтингі қалыптасады.

Емтихан сессиясына келесі студенттер жіберіледі:

- көктемгі семестрде ағымдағы және аралық бақылаулар бойынша 30 және одан көп балл жинаған студенттер;
- академиялық демалыста жоқ студенттер.

*\* Емтиханға жіберу үшін ҚБТ форматындағы сабақтарды өткізу кезіндегі семестр бойғы сабақтарға қатыспау саны есепке алынбайды.*

### 3.1 Жиынтық бағалау

Білім алушылардың қол жеткізген оқу нәтижелерін бағалау пән бағдарламасына (силлабус) сәйкес қойылған ағымдағы бағалар негізінде жүргізілуі мүмкін болған жағдайда жиынтық бағалау әдісі қолданылады.

Жиынтық бағалау әдісімен баға қоюға қорытынды бақылау формаларына ие пәндер және осы Ереженің 1-қосымшасында жиынтық баға қою мүмкіндігі берілген пәндер тізімінде көрсетілген кейбір пәндер бойынша рұқсат етіледі.

Жиынтық бағалауды қолданудың негізгі критерийі семестр бойы өткізілген бақылау бөлімдерінің қажетті саны (кемінде төрт) болып табылады.

Осы әдісті қолданған кезде осы Ереженің 2-қосымшасындағы жалпы бағалау әдісі бойынша пәнді бағалау туралы нұсқаулықты басшылыққа алу керек.

Пән бойынша қорытынды баға қою үшін жиынтық бағалау принципі серіктес талаптарын сақтау бойынша міндеттемелері бар БМ, ҚТА, ХЭМ факультеттерінде аккредиттелген және екі дипломды бағдарламалар шеңберінде оқытылатын пәндер үшін қолданылмайды.

Студент жиынтық бағалауға рұқсат етілген пәндерден қорытынды емтихан және қорытынды бағалармен Uninet-тегі өз парақшасында аттестация және транскрипт бөлімінде танысуы тиіс.

Студент жиынтық бағалау әдісімен қойылған бағамен келіспеген жағдайда, білім алушы 2020 жылғы 30 сәуірден 4 мамырға дейінгі кезеңде Uninet жүйесінде осы Ереженің 3-қосымшасында көрсетілген форма бойынша тиісті пән бойынша емтихан тапсыруға ниет білдіргені туралы өтініш береді.

Uninet жүйесінде 2020 жылғы 4 мамырда сағат 18: 00-ге дейін білім алушының жиынтық бағалауға рұқсат етілген пәндер бойынша емтихан тапсыру тілегі туралы өтінішінің болмауы, оның жиынтық бағалауды қолдану арқылы қойылған пән бойынша бағамен келісетіндігін білдіреді.

### 3.2 «Incomplete» бағасын қою

Білім алушылар әрбір пән бойынша қорытынды бақылау туралы оқытушылардың нұсқаулықтарымен алдын ала танысады. Нұсқаулықтар Uninet-те оқытушылар парағында сондай-ақ Microsoft Teams сыныптарында орналастырылған. Нұсқаулықтың үлгісі 5-қосымшада берілген.

Білім алушылар келесі:

- жеткілікті техникалық құралдардың болмауы;

## ҚБТУ КМЖ КС 51-6-20

- Интернетке кіру мүмкіндігі жоқ немесе шектелген болуы себептері бойынша ҚБТ-ны қолдану арқылы емтиханға қатысуы мүмкін болмаған жағдайда аралық аттестаттау оның қалауы бойынша неғұрлым кеш мерзімге, бірақ 2020 жылғы 20 маусымнан кешіктірмей ауыстырылуы мүмкін, бұл ретте білім алушыға «I» («Incomplete» -«аяқталмаған») бағасы қойылады.

Білім алушы жоғарыда көрсетілген себептер бойынша осы Ережедегі 4-қосымшада көрсетілген формаға сәйкес емтиханды ауыстыру туралы incomplete@kbtu.kz эл. адресіне өтініш береді.

«Incomplete» бағасы білім алушылардың емтиханды онлайн форматта тек ауызша түрде (бейне/аудио қоңырау) тапсыруы арқылы 2020 жылғы 20 маусымнан кешіктірілмей өзгертілуі тиіс.

Егер білім алушы көрсетілген мерзімде емтихан тапсырмаған жағдайда, білім алушыға "қанағаттанарлықсыз" («F») бағасы қойылады.

«Incomplete» бағасы 2 (екі) аттестаттаудың қорытындысы бойынша 30 балдан кем жинаған білім алушылар үшін қолданылмайды.

\* **Санитариялық-эпидемиологиялық жағдайларға байланысты аралық аттестаттау күні 2020 жылдың тамызына ауыстырылуы мүмкін.**

### 3.3 Емтихан кезіндегі техникалық ақаулар

Емтихан кезінде білім алушыларда 10 минуттан артық техникалық ақаулар туындаған жағдайда, оларға 72 сағат ішінде ауызша түрде емтихан тапсыру мүмкіндігі беріледі. Бұл ретте, байланысты жоғалтқаннан кейін білім алушы шұғыл түрде деканат менеджеріне немесе оқытушыға пәнді, оқытушының тегін және емтиханнан шығу уақытын көрсете отырып, WhatsApp бойынша хабарлама жіберу арқылы хабарлауға, немесе деканат менеджеріне телефон арқылы қоңырау шалуға міндетті.

Егер техникалық ақаулар 10 минуттан аз болса, БІР рет қана қайта қосуға жол беріледі. Білім алушыға келесі қайта қосылуға рұқсат етілмейді, сондықтан екінші қайта қосылуға әрекет жасаған кезде емтихан тоқтатылады және білім алушы 72 сағат ішінде ауызша түрде емтиханды қайта тапсыруға тиіс.

### 3.4 Апелляция

ҚБТ режиміндегі емтихан сессиясы тек емтихандар өткізілген пәндер бойынша апелляцияны білдіреді.

*Жиынтық бағалау әдісімен қойылған баға апелляцияға жатпайды.*

Білім алушы емтихан нәтижелері бойынша қойылған бағасымен келіспеген жағдайда алған баллдарды оқытушымен талқылағаннан кейін ғана апелляция беруге құқылы.

Оқытушының апелляция беруге рұқсаты талап етілмейді.

Апелляцияға өтініш нәтижелер жарияланғаннан кейін 48 сағаттан кешіктірілмей Uninet-те онлайн режимде беріледі.

### 3.5 Емтихандар форатының сипаттамасы

Қашықтық форматтағы емтихандар Teams, Google class, Class marker, Webex, Turnitin платформаларын қолданумен өткізіледі. Емтиханның әрбір форматы бойынша емтихан өткізу талаптары мен әдістемесі 2-кестеде төменде көрсетілген.

7-қосымшада емтиханның әрбір форматы үшін қажетті толық сипаттама мен Техникалық сипаттама берілген.

Кесте 2. – Емтихандар сипаттамасы

Емтихан формасы	Пайдаланылатын платформа	Білім беру деңгейі	прокторингінің болуы, бейне/аудио жазбалар, плагиатқа	Жоба сипаттамасы	Жұмыстарды тексеру
-----------------	--------------------------	--------------------	---	------------------	--------------------



## ҚБТУ КМЖ КС 51-6-20

			тексеру		
Жазбаша, офлайн (home based open book)	Жауаптар оқытушының корпоративтік электрондық поштасы немесе Turnitin класына жіберіледі	Бакалавриат Магистратура Докторантура	Плагиатқа тексеру	Тапсырма алдын ала беріледі және жауаптарды белгіленген дедлайн мерзіміне дейін жіберу қажет	Оқытушы өзі бағалайды
Ауызша, онлайн	Teams, Google class	Бакалавриат Магистратура Докторантура	Жауаптың бейне/аудио жазбасы міндетті	Тегі бойынша құрастырылған кестеге сәйкес емтихан күні класс ашылады	Оқытушы өзі бағалайды
Тестілеу, онлайн	Teams, Google class Class marker	Бакалавриат Магистратура	Жоқ	Емтихан күні сынып ашылады немесе тестілеуді өткізуге сілтеме беріледі	Жүйе дұрыс жауаптар кілттері бойынша автоматты түрде тексереді
Жазбаша, онлайн	Teams, Google class, Webex, Class marker	Бакалавриат Магистратура	Оқытушының талабы бойынша	Емтихан күні класс ашылады және билеттер тізімі, сұрақтар нұсқалары ұсынылады	Оқытушы өзі бағалайды
Аралас (жазбаша-ауызша)	Teams, Webex, Turnitin	Бакалавриат	Жауаптың бейне/аудио жазбасы міндетті	Емтихан күні класс ашылады, кейіннен ауызша қорғау арқылы нұсқалар бойынша тапсырма беріледі	Оқытушы өзі бағалайды

\* Емтиханның барлық түрлері уақыт бойынша шектеледі

### 4. «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ТАРИХЫ» ПӘНІ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК ЕМТИХАНДЫ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ҚБТУ барлық мамандықтар/білім беру бағдарламаларының студенттері «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан (бұдан әрі-МЕ) тапсырады. ҚБТ жағдайында «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәні бойынша МЕ жазбаша емтихан форматында онлайн түрде Microsoft Office 365 платформасында өткізіледі.

Мемлекеттік емтихан комиссиясы (МЕК) ҚБТУ ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен құрылады.

## **ҚБТУ КМЖ КС 51-6-20**

ҚБТ жағдайында МЕ жүргізу әдістемесі:

- студентпен байланысты тексеру бекітілген кестеге сәйкес, Microsoft Teams (Form) жүйесінде МЕ 20 минут қалғанда басталады;

- байланысты тексеру кезінде студент веб-камераны қосып, МЕК техникалық хатшысы өткізетін верификацияны күтуге тиіс;

- верификация аяқталғаннан кейін студент емтихан билеттеріне қол жеткізе алады. Әрбір билетте әрқайсысында ең жоғары 12 балмен бағаланатын 3 сұрақ болады. 4 балл әдіснама және қосымша әдебиеттерді білу, сондай-ақ жазылған мәтіннің қисынды болуы үшін қойылады;

- емтихан кезінде студент веб-камера мен микрофон қосылған компьютермен отыруға міндетті;

- емтихан уақыты 110 минутты құрайды. Емтихан уақыты аяқталғаннан кейін студенттер өз жауаптарының фотосуреттерін 10 (он) минут ішінде history2020@kbtu.kz электронды поштасына жіберуі тиіс.

- студент емтиханның аяқталуын күтуге және онлайн сыныптан шықпауға міндетті. Емтихан аяқталғаннан кейін студенттердің жауаптары техникалық сапаға (суреттің көрінуі, парақтардың тік орналасуы, беттердің нөмірленуі, әр беттегі тегі) қарастырылады. Тек қана МЕК техникалық хатшысының бейнебайланыс арқылы студенттің жауап сапасы «Техникалық тұрғыдан қанағаттанарлық» болып расталғаннан кейін студенттер онлайн сыныптан шыға алады.

Егер студенттің жеткілікті техникалық құралдары болмаса және/немесе Интернет желісіне қолжетімділігі шектелген жағдайда, МЕ тапсыру неғұрлым кеш мерзімге, бірақ 2020 жылдың 20 маусымынан кешіктірмей ауыстырылады, бұл ретте студентке осы Ереженің 3.2-тармағына сәйкес "аяқталмаған" ("Г") бағасы қойылады.

Емтихан кезінде студенттерде техникалық ақаулықтардың пайда болу жағдайлары ереженің 3.3-тармағына сәйкес қаралатын болады.

МЕ нәтижелері МЕ өткізілгеннен кейін 48 сағаттан кешіктірілмей жарияланады.

Емтихан нәтижелерімен танысқаннан кейін бағасымен келіспеген білім алушы Ереженің 3.4-тармағында көзделген тәртіппен апелляцияға беруге құқылы.

Егер студент МЕ тапсыру кезінде «қанағаттанарлықсыз» деген баға алса, ол келесі академиялық кезеңде немесе жазғы семестрде ақылы негізде осы пәнге қайта тіркеледі, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қайта қатысады, ағымдағы бақылау талаптарын орындайды, рұқсат алады және МЕ қайта тапсырады.

МЕ бойынша «FX» бағасы қойылмайды.

## **5. ҚБТ ЖАҒДАЙЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУДЫ ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ**

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау - академиялық күнтізбеге сәйкес мерзімде өткізілетін бакалавриат, магистратура деңгейінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген оқу пәндерінің көлемін меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында өткізілетін рәсім. Қорытынды аттестаттауға жеке оқу жоспарының және оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкес білім беру процесін толық аяқтаған білім алушылар жіберіледі. Теориялық оқуды аяқтамаған және қаржылық қарызы бар білім алушылар қорытынды аттестаттауға жіберілмейді. Білім беру деңгейлері бойынша қорытынды аттестаттауды өткізу әдістері кестеде көрсетілген.

## ҚБТУ КМЖ КС 51-6-20

3-кесте– Қашықтықтан білім беру технологиялары жағдайында қорытынды аттестаттауды өткізу әдістері

Білім беру деңгейі	Қорытынды аттестация формасы	ҚБТ қорытынды өткізу әдісі	Орындау және қорғау шарттары
Бакалавриат	Дипломдық жоба жазу мен қорғау	Аралас: 1. Turnitin платформасындағы плагиатқа жазбаша тексеру 2. Microsoft Teams платформасында онлайн ауызша қорғау	жеке тәртіпте немесе топта (5 адамға дейін)
Магистратура	Магистрлік диссертация/магистрлік жоба жазу және қорғау	Аралас: 1. Turnitin платформасындағы плагиатқа жазбаша тексеру 2. Microsoft Teams платформасында онлайн ауызша қорғау	жеке тәртіпте немесе топта (5 адамға дейін)

\* ҚТА-да білім беру бағдарламалары бойынша қосымша кешенді емтихан өткізу қарастырылған

Қорытынды аттестаттауды өткізудің келесі нұсқалары қолданылады:

- қорытынды аттестаттауды қашықтықтан оқыту форматында өткізу;  
ҚБТ жағдайында қорытынды аттестаттауды өткізу форматының ерекшелігін ескере отырып, Қорытынды балл ғылыми жетекшінің балдары сомасынан (ең жоғары 50 балл) және Microsoft Teams-та онлайн ауызша қорғау үшін алынған балдардың орташа мәнінен (ең жоғары 50 балл) тұрады.
- қорытынды аттестаттауды неғұрлым кеш мерзімге ауыстыру (2020 жылғы 20 маусымнан кеш емес). Кеш мерзімге ауыстыру барлық құжаттарды белгіленген мерзімде ұсынған кезде онлайн қорғауға қосылу мүмкін болмаған жағдайда жол беріледі. Білім алушы техникалық хатшыны қорғау күніне дейін кемінде 1 апта бұрын онлайн қорғауға қатысудың мүмкін еместігі туралы хабардар етеді.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушы қорытынды аттестаттауды 2020 жылғы маусымнан кеш мерзімге ауыстырған жағдайда ағымдағы оқу жылы аяқталғаннан кейін шәкіртақы төлеу тоқтатылады.

Білім алушылар барлық қажетті құжаттарды техникалық хатшыға онлайн-қорғау мерзіміне дейін 1 (бір) апта бұрын электронды форматта беруге міндетті. Диплом жобалары мен магистрлік диссертациялардың (жобалардың) қатты мұқабада жиналған қолдарымен және мөрлерімен бірге түпнұсқалары АҚ-ның техникалық хатшысына төтенше жағдай режимі жойылғаннан кейін бір ай ішінде берілуі тиіс.

Аттестаттау комиссиясының (АҚ) төрағалары үшін Microsoft Teams платформасына кіру үшін логиндер жасалады. Аттестаттау комиссиясының құрамы (Комиссия төрағасы және мүшелері) өзінің техникалық жабдықтарын (камера, микрофон, Microsoft Teams платформасына кіру және Интернетке кіру) алдын ала тексеріп, техникалық мәселелерді жою, қажет болған жағдайда АҚ мүшелеріне техникалық қолдау көрсететін техникалық хатшы арқылы Университеттің ақпараттық технологиялар департаментіне (АТД) жүгіну қажет.

## **ҚБТУ КМЖ КС 51-6-20**

Білім алушылар өздерінің техникалық жабдықтарын (камера, микрофон, Microsoft Teams платформасына кіру және интернетке кіру) алдын ала тексеріп, техникалық мәселелерді жойып, қажет болған жағдайда АТД-ға жүгіну керек.

Қорытынды аттестаттауды өткізу басталғанға дейін АҚ техникалық хатшысы Microsoft Teams платформасында «қорытынды аттестаттау» сыныбын құрады, комиссия төрағасы мен мүшелерін қосады және құжаттарды жүктейді. Платформаға кіру ҚБТУ логині болған жағдайда ғана мүмкін.

Қорытынды аттестаттау өткізілетін күні техникалық хатшы жиналысты бастайды және кезек бойынша білім алушыларды / білім алушылар тобын жиналысқа қосатын болады. АҚ жұмысына қатысуға ғылыми жетекшілер шақырылады (қатысуы міндетті емес, бірақ ұсынылған).

Жиналысқа қосылғанда, оқушылар техникалық хатшының сәйкестендіруі үшін өзінің ID рұқсаттамасын немесе жеке куәлігін көрсетуі тиіс.

Жобаны қорғау кезінде білім алушылар экранды көрсету режимі арқылы презентацияны көрсетеді, камераның іске қосылған алдында комиссия мүшелеріне баяндама (сөз сөйлеу) жасайды және ауызша сұрақтарға жауап береді. Техникалық проблемалар туындаған жағдайда қорғау басқа уақытқа немесе күнге ауыстырылады (2020 жылғы маусым – тамыз ішінде).

Білім алушының жеке жұмыспен сөз сөйлеуіне 10 минуттан артық емес, топтық жұмыс үшін 20 минуттан артық емес уақыт беріледі. АҚ мүшелерінің сұрақтарына және білім алушының жеке жұмыспен жауаптарына 10 минуттан артық емес уақыт беріледі, топтық жұмыс үшін 20 минуттан артық емес уақыт беріледі (әр баяндамашыға сұрақ қою қажет).

Қорғау нәтижелері бойынша төраға және Комиссияның әрбір мүшесі әрбір білім алушы бойынша жеке бағаны (ең жоғары 50 балл) техникалық хатшы жіберген бағалау парағына қояды, толтырылған бағалау парағы қорғау күні кері жіберіледі. Техникалық хатшы субъективті балл қоюды болдырмау үшін әрбір білім алушы бойынша орташа мәнді шығарады.

Қорытынды аттестаттауда қорғау қорытындысы бойынша қанағаттанарлықсыз ("F") баға алған білім алушы келесі оқу жылында қорытынды аттестаттауды қайта тапсыру мүмкіндігімен білім алуды аяқтамаған азаматтарға берілетін академиялық транскрипт және белгіленген үлгідегі анықтама бере отырып, ректордың (Басқарма Төрағасының) бұйрығымен ҚБТУ-дан шығарылады.

Қорытынды аттестаттаудан табысты өткен білім алушыға аттестаттау комиссиясының шешімімен «Бакалавр» / «Магистр» академиялық дәрежесі беріледі.

Қашықтықтан білім беру технологиялары жағдайында қорытынды аттестаттау кезіндегі білім алушылардың іс-қимыл алгоритмі Ережеге қосымшада берілген.